

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 23 желтоқсан N 332-І

Қазақстан Республикасы 1995 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияға қосылсын

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

1995 жылғы астық жөніндегі халықаралық келісім

(2003 жылғы 9 шілдеде күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Кіріспе Осы келісімге қол қойған тараптар

1949 жылғы Бидай жөніндегі халықаралық келісімнің бірнеше мәрте дәйекті түрде қайта қаралғандығы, қайта жаңартылғандығы немесе ұзартылғандығы, 1986 жылғы астық жөніндегі халықаралық келісімді жасауға алып келгендігін назарға ала отырып,

бір жағынан, 1986 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияның және екінші жағынан 1986 жылғы Азық-түлік көмегін көрсету туралы конвенциядан тұратын, бұрын ұзартылған 1986 жылғы Астық жөніндегі халықаралық келісімнің ережелерінің қолданылу мерзімі 1995 жылдың 30 маусымында аяқталатындығын, сондай-ақ жаңа мерзімге келісім жасауға тілектің бар екендігін назарға ала отырып;

1986 жылғы Астық жөніндегі халықаралық келісім жаңартылуы және дербес екі қ ұ қ ы қ т ы қ қ ұ ж а т т а н :

(a) 1995 жылғы Астық саудасы туралы конвенциядан және (b) 1995 жылғы Азық-түлік көмегін көрсету туралы конвенциядан тұруы тиіс және көрсетілген екі Конвенция, не олардың біреуі қажеттілігіне қарай олардың конституциялық немесе әкімшіліктік қаулыларына сәйкес тиісті Үкіметтердің қол қоюына және бекітуіне, қабылдауына немесе мақұлдауына ұсынылатын 1995 жылғы Астық жөніндегі халықаралық келісім деп қайта аталуы керек екендігіне келісті,

1995 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияның мәтіні 1994 жылы 7 желтоқсанда Астық жөніндегі халықаралық кеңсе шақырған үкіметтердің Конференциясында бекітілді. Азық-түлік көмегін көрсету жөніндегі комитет 1995 жылғы 13 наурыздағы өзінің жетпісінші (арнаулы) сессиясында Лондонда Комитет өзінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы 69-сессиясында бекіткен 1995 жылдың азық-түлік көмегін көрсету

(iii) "қатысушы-импорттаушы" 12-Бапқа сәйкес осылайша айқындалған қ а т ы с у ш ы н ы б і л д і р е д і ;

(c) "Атқарушы комитет" 15-Бапқа сәйкес құрылған Комитетті білдіреді;

(d) "Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет" 16-Бапқа сәйкес құрылған К о м и т е т т і б і л д і р е д і ;

(c) "Астық" немесе "астықтық дақылдар" арпа, жүгері, тары, сұлы, кара бидай, қонақ жүгері, тритикал және бидай мен олардан алынатын өнімдерді, сондай-ақ Кеңестің шешімі бойынша басқа да астық дақылдары мен олардан алынатын өнімдерді б і л д і р е д і ;

(f) (i) "сатып алу" контексіне қарай импорт үшін астықты сатып алуды немесе осылайша сатып алынған астықтың мөлшерін білдіреді;

(ii) "сату" контексіне қарай экспорт үшін астық сатуды немесе осылайша сатылған а с т ы қ т ы ң м ө л ш е р і н б і л д і р е д і ;

(iii) осы Конвенцияның сатуға немесе сатып алуға сілтеме жасалатын баптарында бұл терминдердің тек тиісті Үкіметтердің арасындағы сату немесе сатып алу туралы мәмілелерге ғана емес, жеке меншік фирмалардың арасындағы сату немесе сатып алу туралы мәмілелерге де және жеке меншік фирма мен тиісті Үкіметтің арасындағы сату немесе сатып алу туралы мәмілелерге де жататындығын ұғыну керек.

(g) "дауыстардың арнаулы көпшілігі" қатысушы және дауыс беруші экспорттаушылардың тым болмағанда үштен екісінің дауысын (12-Бапқа сәйкес саналған) және тым болмағанда қатысушы және дауыс беруші қатысушы-импорттаушылардың бөлек саналынған үштен екісінің дауысын (12-Бапқа сәйкес саналған) талап ететін дауыс беруін білдіреді;

(h) "ауыл шаруашылығы жылы" немесе "қаржы жылы" 1 шілдеден бастан 30 маусымға дейінгі кезеңді білдіреді;

(1) "жұмыс күні" Кеңестің штаб-пәтеріндегі жұмыс күнін білдіреді.

(2) осы Конвенциядағы "Үкіметке" немесе "Үкіметтерге" немесе "қатысушыға" жасалған кез келген сілтемені Еуропалық Қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕҚ деп аталатын) жасалған сілтемені қамтушы ретінде түсіну керек. Тиісінше осы Конвенциядағы Үкіметтің қол қою немесе "бекітілген грамоталарды, қабылдау немесе мақұлдау туралы актілерді беруге" немесе "қосылу туралы актіге" немесе "уақытша қолдану туралы декларацияға" кез келген сілтемені ЕҚ атынан оның құзыретті органының уақытша қолдану туралы декларация немесе қолдану және ЕҚ әкімшілік қаулысына сәйкес халықаралық келісімді жасау кезінде сақтауға өткізетін актіні беруге кіретін ЕҚ-да қ о л д а н ы м д а т ү с і н у к е р е к .

(3) Осы Конвенциядағы "Үкіметке" немесе "Үкіметтерге" немесе "қатысушыға" жасалған кез келген сілтемені, орынды жерінде Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің немесе Дүниежүзілік сауда ұйымы құрған келісімнің мәніне сәйкес кез келген дербес кеден аумағына жасалған сілтеме кіретіндей түрде түсіну керек.

3-Бап Ақпарат, есептер және зерттеулер

(1) 1-Бапта баяндалған мақсаттарға қол жеткізуге, Кеңес сессиялары барысында неғұрлым кең пікірлер алмасуға және қатысушылардың ортақ мүдделеріне сай тұрақты түрде ақпарат түсуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында жүйелі түрдегі шолуларды әзірлеуді, ақпарат алмасуды және қажеттілігіне қарай мыналарға:

(а) ресурстарға, сұраныс пен рыноктың конъюнктурасына;

(б) ұлттық саясаттағы өзгерістерге және олардың әлемдік рыноктың жай-күйіне
ы қ п а л е т у і н е ;

(с) әсіресе дамушы елдердегі сауданы, тұтынуды, сақтау мен тасымалдауды жетілдіруге және кеңейтуге қатысты өзгерістерге басым назар аудара отырып, астық дақылдары мәселелері жөніндегі арнаулы зерттеулерді дайындауды қамтамасыз ету
к е р е к .

(3) Осы Баптың 1-тармағында айтылған шолулар мен зерттеулер үшін ақпарат жинау мен оны беруді жақсарту, қатысушылардың Кеңестің жұмысына мейлінше кең тікелей қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Кеңестің өзінің сессияларының барысында беретін нұсқауларына толықтыру жасау мақсатында оның отырыстары Кеңестің барлық қатысушылары үшін ашық болып табылатын Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет құрылады. Комитеттің функциялары 16-Бапта айқындалған.

4-Бап Рыноктағы жағдай туралы консультация

(1) Егер Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет өзінің тұрақты байқауының барысында 16-Бапқа сәйкес рыноктағы жағдайға халықаралық астық рыногындағы өзгерістер қатысушылардың мүдделеріне елеулі қауіп тудырады деген пікірге келсе немесе, егер Атқарушы директор өзінің бастамашылығы бойынша немесе кез келген қатысушының өтінуі бойынша мұндай өзгерістерге Комитеттің назарын аударса, соңғысы тиісті фактілер туралы Атқарушы комитетке дереу хабарлайды. Бұл туралы хабар алған Атқарушы комитет, Комитет қатысушы елдердің мүдделеріне қауіп төндіретін мән-жайларға назар аударады.

(2) Атқарушы комитет мұндай өзгерістерді қарау үшін он жұмыс күні ішінде жиналады және егер мұны орынды деп санаса, Кеңестің Төрағасына жағдайды қарау үшін сессия шақыру туралы өтінім жасайды.

5-Бап Коммерциялық сатып алулар мен арнаулы мәмілелер

(1) Осы Конвенцияның мақсаттарында оның 2-Бапта айқындалғанындай осы Баптың (2) тармағында сөз болатын мәмілелерді қоспағанда, халықаралық саудадағы

кәдімгі коммерциялық практикаға сәйкес келетін сатып алу - коммерциялық сатып алу
б о л ы п т а б ы л а д ы .

(2) Осы Конвенцияның мақсаттарында тиісті ел Үкіметінің осындай мәміле жасауына қатысуына байланысты кәдімгі коммерциялық практикаға сәйкес келмейтін ерекше жағдайлар кіретін осындай мәміле арнаулы мәміле болып танылады. Арнаулы мәмілелердің санаттарына мыналар:

(a) Үкіметтің қатысуының нәтижесінде проценттік ставка, төлем мерзімі, басқа да ілеспе шарттар әлемдік рыноктағы басым коммерциялық ставкаларға, мерзімдерге немесе шарттарға сәйкес келмейтін несиелік шарттарында сату;

(b) қатысушы - экспорттаушы Үкіметінің астық сатып алу үшін берген займының есебінен астыққа төлем жасалынатын сату;

(c) қатысушы - валютаға немесе экспорттаушы елде пайдалануға арналған тауарларға айналдырылмайтын импорттаушының валютасындағы төлеммен сату;

(d) тиісті қатысушы - экспорттаушы мен қатысушы - импорттаушы сатуды коммерциялық деп санау керектігіне уағдаласатын жағдайларды қоспағанда, тауарлар алмасу жолымен екі тарапты тәртіппен несиелік сальдоны реттей отырып клирингтік есеп айырысулар кіретін төлемнің арнаулы шарттары мен сауда келісімдері бойынша с а т у ;

(e) баспа-бас мәмілелер:

(i) Үкіметтің қатысуымен жасалатын және онда астық айырбастауға әлемдік рыноктағы басым бағалардан өзгеше бағалар бойынша берілетін, немесе (ii) бастапқы баспа-бас шартта соңғы арналған елі көрсетілмеген баспа-бас мәміленің нысанасы болып табылатын астықты сатып алу кезіндегі жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу бағдарламаларының шеңберінде жасалатын;

(f) астықты сыйға тарту тәртібінде беру немесе астықты қатысушы - экспорттаушының осы нақты мақсат үшін тегін берген ақша қаражатының есебінен с а т ы п а л у ;

(g) тиісті елдің Үкіметінің мұндай мәмілелерді жасауға қатысуына байланысты кәдімгі коммерциялық практикаға сәйкес келмейтін ерекше жағдайлар кіретін Кеңес айқындаған кез келген басқа да мәмілелер санаты жатады.

(3) Егер атқарушы директор немесе кез келген қатысушы осы Баптың (1) тармағындағы анықтамаға сәйкес бұл мәміле коммерциялық сатып алу немесе осы Баптың (2) тармағының айқындауына сәйкес арнаулы мәміле болып табылатындығы туралы мәселе қойса, Кеңес шешім шығарады.

6-Бап Мәмілелерді жеңілдікті жағдайларда жасаудың негізгі принциптері

(1) Қатысушылар барлық мәмілелерді бұл ретте өндірістің қалыпты құрылымы мен халықаралық коммерциялық саудаға залал келтірмейтіндей түрде астық бойынша жеңілдікті жағдайларда жүзеге асыруға міндеттенеді.

(2) Осы мақсатта беруші де алушы да қатысушылар жеңілдікті жағдайлардағы мәмілелердің аталған мәмілелер болмағанда нақты түрде күтуге болатын коммерциялық сатуды толықтыруды және алушы елде тұтыну мен запастардың артуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) мүшелері болып табылатын елдер үшін мұндай шаралар ФАО-ның басы артық өнімдерге қатысты принциптері мен ФАО-ға қатысушылардың негізгі бағыттары мен консультативтік міндеттемелеріне сәйкес келуі тиіс және алушы елмен келісілген астықтың коммерциялық импортының белгілі бір көлемін осы елдің жалпы негізде сақтауы талабын көздей алады. Осы көлемді белгілеу немесе түзету кезінде белгілі бір кезеңдегі коммерциялық импорттың көлемін, тұтыну мен импорттағы соңғы тенденцияларды және атап айтқанда, оның төлем балансының жай-күйін қоса алғанда, алушы елдің экономикалық жағдайындағы ағымның салдарын толық ескеру қажет.

(3) Қатысушылар жеңілдікті жайларда экспорттық мәмілелер жүргізу кезінде мұндай мәмілелерді жүзеге асырғанға дейін барынша мүмкін дәрежеде мұндай мәмілелер коммерциялық экспортына әсер етуі мүмкін қатысушы - экспорттаушылармен ақылдасып-кеңесуі тиіс.

(4) Хатшылық Кеңеске жеңілдікті жағдайларда жасалған мәмілелер бойынша сауданың барысы туралы мерзімді баяндап отырды.

7-Бап Мәліметтерді тіркеу және жинау

(1) Әрбір ауыл шаруашылығы жылы үшін қатысушылар жүйелі түрде мәліметтер ұсынады, ал Кеңес қатысушыларға барлық жөнелтілген астықты және коммерциялық сатып алулар мен арнаулы мәмілелер бойынша қатыспайтын елдер үшін астықтың бүкіл импортын бөлек көрсете отырып деректерді тіркеуді жүргізеді. Кеңес сондай-ақ мүмкіндігіне қарай қатыспайтын елдердің арасындағы барлық берулерді тіркеуді жүргізеді.

(2) Қатысушылар мүмкіндігіне қарай өздерінің астыққа ұсынысы мен сұранысына қатысты Кеңес талап етуі мүмкін осындай ақпарат ұсынады және өздерінің ұлттық астық саясатындағы барлық өзгерістер туралы уақытында хабарлайды.

(3) Осы Баптың мақсаты үшін:

(а) қатысушылар Атқарушы директорға коммерциялық сатулар мен сатып алулардың, сондай-ақ арнаулы мәмілелердің объектісі болып табылатын Кеңеске:

(i) арнаулы мәмілелерге қатысты - 5-Бапқа сәйкес олардың жіктемесі үшін пайдалануға болатын мәмілелердің егжей-тегжейін;

(ii) тиісті астықтың үлгісіне, сыныбына, сорты мен сапасына қатысты мәліметтерді

қоса алғанда, оның құзыретінің шектерінде қажет болуы мүмкін мәліметтерді ж о л д а й д ы ;

(b) әрбір қатысушы астықтың экспорты кезінде Атқарушы директорға Кеңес талап етуі мүмкін экспорттық бағаларға қатысты деректерді жолдайды;

(c) Кеңес жүйелі негізде осы уақыттағы астықты тасымалдау жөніндегі басым шығыстарға қатысты мәліметтерді алады және қатысушылар Кеңеске қажет болуы мүмкін қосымша мәліметтерді хабарлайды.

(3) Егер астық оның шыққан жері болып табылмайтын елдің порттарындағы қайта сату, тасымалдау немесе қайта тиеуден кейін түпкі арналған елге келіп түссе қатысушылар мүмкін мейлінше толық тұрғыда шығу елі мен түпкі арналған елінің арасындағы жөнелту ретінде жөнелтуді тіркеуге мүмкіндік беретін осындай ақпарат ұсынады. Қайта сату жағдайында бұл тармақтың ережелері астық шығуы елінен дәл сол ауыл шаруашылығы жылында жөнелтілген жағдайларда қолданылады.

Кеңес осы Бапта сөз болатын мәліметтерді жинау мен тіркеуді жүргізу рәсімдерінің қағидаларын әзірлейді. Бұл қағидаларда мұндай мәліметтерді ұсынудың мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ оларды ұсынуға қатысты қатысушылардың міндеттері көзделінуі тиіс. Кеңес сондай-ақ осыған байланысты туындайтын кез келген дауды шешудің тәртібін қоса алғанда, өзінің қарауындағы кез келген жазбаға немесе мәліметтерге өзгерістер енгізудің тәртібін көздейді. Егер әлдебір қатысушы осы Бапта көзделінген мәліметтерді бірнеше рет және ешқандай негізсіз бермейтін болса, Атқарушы комитет туындаған жағдайды түзеу үшін осы қатысушы консультациялар жүргізеді.

8-Бап Даулар мен шағымдар

(1) Осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты келіссөздер жүргізу жолымен реттелмеген барлық даулар, дауда тараптардың бірі болып табылатын кез келген қатысушының өтінуі бойынша Кеңестің шешуіне беріледі.

(2) Осы Конвенцияның тарабы ретінде өзінің мүдделеріне бір немесе бірнеше қатысушының іс-әрекетімен елеулі зиян келтірілді және бұл Конвенцияның жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді деп санайтын кез келген қатысушы мәселені Кеңестің қарауына бере алады. Кеңес мұндай жағдайда мәселені шешу үшін дереу тиісті қатысушылармен ақылдасып-кеңеседі. Егер мұндай ақылдасып-кеңесулердің нәтижесінде мәселе шешусіз қалса, Кеңес мәселені қайта қарайды және тиісті қатысушыларға ұсыным енгізе алады.

II Бөлім - Әкімшілік қаулылар

9-Бап Кеңестің құрамы

(1) Кеңес (1949 жылғы Бидай жөніндегі халықаралық келісімнің негізінде құрылған және қазір Астық жөніндегі халықаралық кеңес деп қайта аталған бұрынғы Бидай жөніндегі халықаралық кеңес) осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында іс-қимыл жасауды жалғастырады; бұл ретте оның құрамы, өкілеттіктері мен міндеттері осы Конвенциямен айқындалады.

(2) Қатысушылар Кеңестің отырыстарында өкілдер, орынбасарлар мен кеңесшілер ретінде қатысуы мүмкін.

(3) Кеңес Төраға мен Төрағаның Орынбасарын бір ауыл шаруашылығы жылы мерзіміне сайлайды. Төрағаның дауыс беру құқығы жоқ және Төрағаның міндетін атқаруы кезінде Төрағаның Орынбасарының да дауыс беру құқығы жоқ.

10-Бап Кеңестің өкілеттіктері мен міндеттері

(1) Кеңес өзінің Рәсімдер қағидаларын белгілейді.

(2) Кеңес осы Конвенцияның шарттары бойынша қажетті құжаттаманы, сондай-ақ өзі Қажет деп есептейтін кез келген басқа құжаттаманы жүргізеді.

(3) Кеңестің осы Конвенция бойынша өзінің міндеттерін орындауына жәрдемдесу мақсатында Кеңес 7-Баптың (2)-тармағына сәйкес оған осы мақсаттар үшін қажетті статистикалық деректер мен ақпаратты сұрата алады, ал қатысушылар оны беруі тиіс.

(4) Кеңес арнаулы көпшілік дауыспен өзінің кез келген комитетіне немесе Атқарушы директорға:

(a) 8-Бапта көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды;

(b) 11-Бапқа сәйкес Қосымшада санамаланып көрсетілген қатысушылардың дауыстарын қайта қарауды;

(c) 12-бапқа сәйкес қатысушы экспорттаушылар мен импорттаушыларды айқындауды және олардың арасында дауыстарды бөлуді;

(d) 13-Баптың (1)-тармағына сәйкес Кеңестің тұратын орнын;

(e) 17-баптың (2)-тармағына сәйкес Атқарушы директорды тағайындауды;

(f) 21-Бапқа сәйкес қатысушылардың бюджетін және жарналарын есептеуді бекітуді ;

(g) 21-Баптың (6)-тармағына сәйкес қатысушыларды дауыс беру құқығынан уақытша айыруды ;

(h) ЮНКТАД Бас хатшысына 22-Бапқа сәйкес келіссөздер жүргізу үшін Конференция шақыру туралы өтініп кез келген өтінім жасауды;

(i) 30-бапқа сәйкес қатысушыны Кеңестен шығаруды;

(j) 32-Бапқа сәйкес түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасауды;

(k) 33-бапқа сәйкес осы Конвенцияның қолданылу мерзімін ұзартуды және тоқтатуды қоспағанда, өкілеттіктер немесе міндеттер бере алады.

Кеңес кез келген уақытта көпшілік дауыспен берілген өкілеттіктер мен міндеттерді

12-Бап Қатысушы-экспорттаушылар мен қатысушы-импорттаушыларды айқындау және олардың арасында дауыстардың бөлінуі

(1) Кеңес Осы Конвенцияның шеңберінде шақырылған бірінші сессиясында осы Конвенцияның мақсатында қатысушылардың қайсысы қатысушы-экспорттаушы және қатысушылардың қайсысы қатысушы-импорттаушы болатындығын белгілейді. Бұл ретте Кеңес осы қатысушылардың астықпен саудадағы құрылымын және олардың осы мәселе бойынша көзқарасын ескеретін болады.

(2) Кеңес осы Конвенцияның қатысушыларының қайсысы қатысушы - экспорттаушы және қайсысы - қатысушы импорттаушы болатындығын айқындаған соң, қатысушы-экспорттаушылар 11-Бапқа сәйкес өздерінің дауыстарының бөлінуін негізге ала отырып, осы Баптың (3)-тармағында баяндалған шарттарға сәйкес уағдаластық бойынша өздерінің арасында дауыстарды бөледі және қатысушы-импорттаушылар да дауыстарын осылайша бөледі.

(3) Осы баптың (2)-тармағына сәйкес дауыстарды бөлу мақсатында қатысушы-экспорттаушылардың бірлескен 1000 дауысы болады және қатысушы-импорттаушылардың да 1000 дауысы болады. Бірде-бір қатысушының қатысушы - экспорттаушы ретінде 333-тен артық дауысы болмайды немесе қатысушы импорттаушы ретінде 333-тен артық дауысы болмайды. Жекелеген дауыстар болмауы т и і с .

(4) Қатысушы-экспорттаушылар мен импорттаушылардың тізімін Кеңес осы Конвенция күшіне енгеннен кейін үш жыл өткен соң олардың астықпен сауда жасау құрылымындағы өзгерістер тұрғысында қайта қарайды. Олар 33-Баптың (2)-тармағына сәйкес осы Конвенцияның қолданылу мерзімі ұзартылуы кезінде де әр жолы қайта қ а р а л а д ы .

(5) Кеңес кез келген қатысушының өтінуі бойынша кез келген қаржы жылының басында арнаулы көпшілік дауыспен осы қатысушыны қатысушы-экспорттаушылардың тізімінен қатысушы-импорттаушылардың тізіміне немесе, тиісінше қатысушы-импорттаушылардың тізімінен қатысушы-экспорттаушылардың тізіміне к ө ш і р е а л а д ы .

(6) Қатысушы-экспорттаушылар мен импорттаушылардың дауыстарының бөлінуін Кеңес осы баптың (4) немесе (5)-тармақтарына сәйкес қатысушы - экспорттаушылар мен импорттаушылардың тізімдері өзгерген кезде әр жолы қайта қарайды. Дауыстарды осы тармаққа сәйкес кез келген қайта бөлу осы Баптың (3)-тармағында баяндалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

(7) Әр жолы қандай да бір Үкімет осы Баптың тарабы болғанда немесе тарабынан шыққанда Кеңес қалған қатысушы-экспорттаушылардың немесе импорттаушылардың

дауысын осы Баптың (3)-тармағында жазылған шарттарға сәйкес әрбір қатысушы ие дауыстардың санына сайма-сай бөледі.

(8) Кез келген қатысушы-экспорттаушы кез келген басқа қатысушы - экспорттаушыға және кез келген қатысушы-импорттаушы кез келген басқа қатысушы-импорттаушыға Кеңестің бір немесе бірнеше отырыстарында өзінің мүдделерін білдіруге және өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асыруға уәкілеттік бере алады. Тиісті тұрғыда ресімделген өкілеттіктерді беру Кеңеске ұсынылуы тиіс.

(9) Егер Кеңестің қандай да бір болмасын отырысында қатысушы ресми өкілімен білдірілмесе және осы Баптың (8)-тармағына сәйкес басқа қатысушыға өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асыруға уәкілеттік бермесе немесе қандай да болмасын отырыс сәтіне қандай да бір қатысушы дауыс беру құқығын жоғалтса, одан айрылған болса немесе осы Конвенцияның қандай да бір ережесіне сәйкес оны қайта алса, онда қатысушы-импорттаушыларда осы отырыста болуы тиіс дауыстардың жалпы саны қатысушы-импорттаушылардың осы отырысында іс жүзінде болуы тиіс дауыстардың жалпы санымен теңестірілуі және қатысушы-экспорттаушылардың арасында олардың дауыстарына сайма-сай қайта бөлінуі тиіс.

13-Бап Мекен-жайы, сессиялар және кворум

(1) Егер Кеңес өзгеше шешім қабылдаса Кеңестің мекен-жайы Лондон болып табылады.

(2) Кеңес қаржы жылының әр жартысында кемінде бір рет және Төрағаның шешімі бойынша кез келген басқа уақытта немесе осы Конвенцияда көзделген өзге талаптарға байланысты жиналады.

(3) Төраға Кеңестің сессиясын дауыстардың жалпы санының кемінде 10 процент жиынтығы бар (а) бес қатысушының немесе (b) бір немесе бірнеше қатысушының өтінуі бойынша немесе (с) Атқарушы комитеттің өтінуі бойынша шақырады.

(4) Қатысушы-экспорттаушылардың көпшілік дауысына ие өкілдердің және қатысушы-импорттаушылардың көпшілік дауысына ие өкілдердің 12-Баптың (9)-тармағына сәйкес дауыстарды қайта бөлуге дейін болуы Кеңестің кез келген отырысында кворумды қамтамасыз ету үшін қажет болып табылады.

14-Бап Шешімдер

(1) Осы Конвенцияда көзделген өзге жағдайларды қоспағанда Кеңестің шешімдері бөлек-бөлек саналған қатысушы-экспорттаушылардың көпшілік дауысымен және қатысушы-импорттаушылардың көпшілік дауысымен қабылданады.

(2) Әрбір қатысушы Кеңестің осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес қабылданған,

өзінің ауыл шаруашылығы және баға саясатын айқындаудағы және жүргізудегі іс-әрекетінің толық еркіндігін қозғамайтын барлық шешімдерін өзіне міндетті деп таниды.

15-Бап Атқарушы комитет

(1) Кеңес жыл сайын қатысушы-экспорттаушылар сайлайтын қатысушы-экспорттаушылардың алты адамнан аспайтын құрамында және жыл сайын қатысушы-импорттаушылар сайлайтын сегіз қатысушы-импорттаушыдан аспайтын құрамда Атқарушы комитетті құрады. Кеңес Атқарушы комитеттің Төрағасын тағайындайды және Төрағаның Орынбасарын тағайындай алады.

(2) Атқарушы кеңес Кеңестің алдында жауапкершілікте болады және өзінің жұмысын оның жалпы басшылығымен жүргізеді. Оның осы Конвенцияға сәйкес өзі үшін айқын белгіленген өкілеттіктері мен міндеттері, сондай-ақ 10-Баптың (4)-тармағына сәйкес Кеңес оған беретін басқа да өкілеттері мен міндеттері болады.

(3) Қатысушы-экспорттаушылардың Атқарушы комитетте қатысушы-импорттаушылардың санына тең жалпы дауыс саны болады. Қатысушы-экспорттаушылардың Атқарушы комитеттегі дауыстары көрсетілген атқарушы-экспорттаушылардың жалпы дауыс санының 40 процентінен астамына бірде-бір қатысушы-экспорттаушы ие болмауы шартында өздерінің арасындағы уағдаластық бойынша бөлінеді.

(4) Кеңес Атқарушы комитеттегі дауыс беруге қатысты рәсімдер қағидасын белгілейді және Атқарушы комитеттегі рәсімдер қағидаларына қатысты өзі қажет деп санайтын басқа да ережелерді әзірлей алады. Атқарушы комитеттің шешімдері осы секілді мәселелерді қарау кезінде Кеңеске қатысты осы Конвенцияда көзделгеніндей көпшілік дауыспен қабылданады. Атқарушы комитеттің мүшесі болып табылмайтын Кеңестің кез келген қатысушысы Атқарушы комитет осы қатысушының мүдделері қозғалады деп санаған жағдайларда, Атқарушы комитетте қаралатын кез келген мәселені талқылауға дауыс беру құқығынсыз қатыса алады.

16-Бап Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет

(1) Кеңес толық құрамдағы Комитет болып табылатын Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитетті құрады. Егер Кеңес басқаша шешпесе Атқарушы директор Нарықтың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің Төрағасы болып табылады.

(2) Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысу үшін байқаушылар ретінде шақыру осы Конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын елдердің өкілдеріне Комитет Төрағасы орынды деп санаса, халықаралық ұйымдарға ж о л д а н а а л а д ы .

(3) Комитет әлемдік астық экономикасына ықпал ететін барлық мәселелерді ұдайы

байқауында ұстайды және қатысушыларға хабарлайды. Байқау процесінде Комитет Кеңестің кез келген мүшесі ұсынатын тиісті ақпаратты назарға алады.

(4) Комитет Кеңеспен бірге 3-Бапта көзделген жұмыстарды жүргізуге Хатшылыққа көмек көрсету мақсатында оған қосымша басшылық жасауды жүзеге асырады.

(5) Комитет осы Конвенцияның тиісті Баптарына сәйкес, сондай-ақ өзіне Кеңес немесе Атқарушы комитет беруі мүмкін кез келген басқа мәселелер бойынша консультациялар береді.

17-Бап Хатшылық

(1) Кеңестің аға лауазымды тұлға болып табылатын Атқарушы директордан және Кеңес пен оның комитеттерінің жұмысы үшін қажет болуы мүмкін қызметкерлердің осындай штатынан тұратын Хатшылығы болады.

(2) Кеңес осы Конвенцияны жүзеге асыру жөніндегі Хатшылыққа жүктелген міндеттердің атқарылуына және өзіне Кеңес немесе оның комитеттері жүктейтін басқа да міндеттердің орындалуына жауапты болып табылатын Атқарушы директорды тағайындайды.

(3) Хатшылықтың қызметкерлерін Кеңес бекіткен қағидаларға сәйкес Атқарушы директор тағайындайды.

(4) Атқарушы директор мен Хатшылықтың қызметкерлерін тағайындау үшін оларда астықпен сауда саласында қаржылық мүдделіліктің болмауы немесе, егер мұндай мүдделілік болса, одан бас тартуы, сондай-ақ қандай да бір болмасын Үкіметтен немесе қандай да бір болмасын органдардан Кеңеске қатысы жоқ, осы Конвенциядан туындайтын міндеттерді орындауға байланысты нұсқаулықтар талап етпеуі шарт болып табылады.

18-Бап Байқаушыларды шақыру

Кеңес кез келген қатыспайтын мемлекетті, сондай-ақ кез келген үкіметаралық ұйымды байқаушы ретінде өзінің кез келген отырысына шақыра алады.

19-Бап Басқа үкіметаралық ұйымдармен ынтымақтастық

(1) Кеңес мұны орынды деп есептеген кезде Біріккен Ұлттар Ұйымымен, оның органдарымен және осындай басқа да мамандандырылған мекемелермен және үкіметаралық ұйымдармен, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және оны дамыту жөніндегі конференциясымен, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен, Шикізат тауарларына арналған жалпы қормен және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасымен консультациялар немесе ынтымақтастық ұйымдастыру үшін кез келген қажетті шараларды қабылдай алады.

(2) Кеңес Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда және оны дамыту жөніндегі конференциясының шикізат тауарларымен халықаралық саудадағы ерекше ролін ескере отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және оны дамыту жөніндегі конференциясына өзі орынды деп санайтындай түрде өзінің қызметі мен жұмысының бағдарламаларын х а б а р л а й д ы .

(3) Егер Кеңес осы Конвенцияның қандай да болмасын талаптары үкіметаралық тауар келісімдеріне қатысты оның тиісті органдары немесе мамандандырылған мекемелері арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеуі мүмкін талаптармен сыйысымсыз деп санаса, онда мұндай сәйкессіздік осы Конвенцияны жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдай ретінде қаралады және бұл жағдайда 32-Бапта көзделген рәсім қолданады.

20-Бап Артықшылықтары мен иммунитеттер

(1) Кеңес заңдық мәртебеге ие. Ол атап айтқанда, шарттар жасау, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу және оларға иелік ету және сотта талапкер және жауапкер болу құқығын пайдаланады.

(2) Кеңестің Құрама Корольдік аумағындағы мәртебесі, артықшылықтары және иммунитеттері алдағы уақытта да Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі Үкіметі мен 1968 жылғы 28 қарашада Лондонда қол қойылған Астық жөніндегі халықаралық кеңестің арасындағы Штаб-пәтер туралы келісіммен а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

(3) Осы Баптың (2)-тармағында айтылған Келісім осы Конвенцияның құрамдас бөлігі болып табылмайды. Оның қолданылуы, алайда:

(a) Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі мен Кеңестің арасындағы Келісім бойынша немесе

(b) Кеңес Құрама Корольдіктің аумағынан ауыстырылған жағдайда немесе

(c) Кеңестің қызметі тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

Кеңес Құрама Корольдіктің аумағынан ауыстырылған жағдайда Кеңес орналасқан қатысушы елдің Үкіметі онымен Кеңестің мәртебесіне, артықшылықтарына иммунитеттеріне, оның Атқарушы директорына, қызметкерлеріне, сондай-ақ Кеңес шақыратын отырыстарға қатысушылардың өкілдеріне қатысты халықаралық келісім жасайды.

21-Бап Қаржы мәселелері

(1) Кеңестің сессияларына қатысушы делегациялардың, сондай-ақ оның комитеттеріндегі және жұмыс топтарындағы өкілдерінің шығыстарын тиісті Үкіметтер өтейді. Осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін қажет басқа да шығыстар барлық қатысушылардың жыл сайынғы жарналарының есебінен жабылады. Әрбір

қатысушының әрбір қаржы жылына арналған жарнасы 11-Бапқа сәйкес аталмыш қаржы жылына арналған бюджетті бекіту сәтінде Конвенцияның қатысушыларының құрамын көрсететіндей түрде қайта бөлінетін Қосымшадағы қатысушылардың дауыстарының жалпы санына қатысты Қосымшадағы оның дауысының санына с а й м а - с а й а й қ ы н д а л а д ы .

(2) Кеңес осы Конвенция күшіне енген соң өзінің бірінші сессиясында 1996 жылдың 30 маусымында аяқталатын қаржы жылына арналған өзінің бюджетін бекітеді және әрбір қатысушының жарнасының мөлшерін белгілейді.

(3) Кеңес әрбір қаржы жылының екінші жартысында өткізілетін сессиясында келесі қаржы жылына арналған өзінің бюджетін бекітеді және осы қаржы жылына арналған әрбір қатысушының жарналарының мөлшерін белгілейді.

(4) 27-Баптың (2)-тармағына сәйкес осы Конвенцияға қосылатын кез келген қатысушының бастапқы жарнасы ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін қосылу сәтінде болған оның қосылу шарттары мен мерзімі ретінде Кеңеспен келісілген дауыстар санының негізінде белгіленеді, әрі осы қаржы жылында басқа қатысушылардың төлеуіне жататын жарналар өзгеріссіз қалады.

(5) Жарналар оларды белгілеген соң дереу төленуге жатады.

(6) Егер қандай да бір болмасын қатысушы осы Баптың (5)-тармағына сәйкес оның жарнасы төленуге жататын күннен кейін алты ай өткенде өзінің жарнасын толық төлемесе, Атқарушы директор бұл қатысушыға ең қысқа мүмкін мерзімде төлем жасауды ұсынады. Егер Атқарушы директор өтінім жасағаннан кейін алты ай өткен соң аталған қатысушы өзінің жарнасын бәрібір төлемесе онда ол өзінің жарнасын толық төлегенге дейін Атқарушы комитетте дауыс беру құқығынан уақытша айырылады.

(7) Осы Баптың (6) тармағына сәйкес дауыс беру құқығынан уақытша айырылған қатысушы, егер Кеңес арнаулы көпшілік дауыспен өзге шешім қабылдамаса, өзінің басқа ешқандай құқықтарын жоғалтпайды және өзінің осы Келісім бойынша ешқандай басқа міндеттемелерінен босатылмайды. Ол өзінің жарнасын төлеу жөнінде және осы Келісім бойынша өзінің кез келген өзге қаржы міндеттемелерін атқару жөнінде жауапкершілікте болуын жалғастырады.

(8) Кеңес әрбір қаржы жылында өткен қаржы жылындағы түсімдер мен шығыстар туралы аудиторлар куәландырған есепті жариялайды.

(9) Кеңес өзінің қызметін тоқтатар алдында өзінің міндеттемелерін реттеу жөнінде, сондай-ақ өзінің құжаттамалары мен активтерін беру жөнінде шаралар қолданады.

22-Бап Экономикалық жағдайлар

Кеңес тиісті уақытында жаңа халықаралық келісім немесе экономикалық жағдаймен конференция жөнінде келіссөздер жүргізудің мүмкіндігі туралы мәселені қарайды және өзі орынды деп есептейтін ұсынымдар жасай отырып қатысушыларға баяндама

ұсынады. Кеңес бұл келісімдер табысты аяқталады деп есептесе, Біріккен Ұлттар Ұйымы Сауда және оны дамыту жөніндегі конференциясының Бас хатшысына өкілетті өкілдердің конференциясын шақыруға өтінім жасайды.

III БӨЛІМ - Қорытынды ережелер

23-Бап Депозитарий

(1) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның депозитарийі
б о л ы п т а ғ а й ы н д а л а д ы .

(2) Депозитарий осы Конвенцияға қол қойған немесе оған қосылған барлық үкіметтерге осы Конвенцияға қол қоюдың, оны бекітудің, қабылдаудың, мақұлдаудың, уақытша қолданудың және оған қосылудың әрбір жағдайы туралы, сондай-ақ 29 және 32-Баптарға сәйкес алынған әрбір нотификация мен мәлімдеу туралы хабарлайды.

24-Бап Қол қою

Осы Конвенция Қосымшада санамаланып көрсетілген елдердің Үкіметтерін қоса алғанда, 1995 жылдың 1 мамырынан бастап 1995 жылдың 30 маусымына дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Штаб-пәтерінде қол қою үшін ашық.

25-Бап Бекіту, қабылдау немесе мақұлдау

(1) Осы Келісім оған қол қойған Үкіметтің өзінің тиісті конституциялық рәсімдеріне сәйкес бекітуіне қабылдауына немесе мақұлдауына жатады.

(2) Бекіту грамоталары немесе қабылдау немесе мақұлдау туралы актілер 1995 жылдың 30 маусымынан кешіктірілмей депозитарийге сақтауға тапсырылады. Алайда, Кеңес бекіту грамотасын немесе актіні көрсетілген мерзімде өткізуге жағдайы жоқ кез келген қол қойған Үкіметке бір немесе бірнеше оны кейінге қалдыру бере алады. Кеңес депозитарийге барлық көрсетілген ұзартулар туралы хабарлайды.

26-Бап Уақытша қолдану

Кез келген қол қойған Үкімет және осы Конвенцияға қол қоюға құқығы бар немесе қосылу туралы өтініші мақұлданған кез келген басқа Үкімет уақытша қолдану туралы декларацияны депозитарийге сақтауға өткізе алады. Сақтауға мұндай декларацияны өткізген кез келген Үкімет өзінің заңдарына сәйкес осы Конвенцияны уақытша қолданады және уақытша оның тарабы болып саналады.

27-Бап Қосылу

(1) Қосымшада көрсетілген кез келген Үкімет Кеңес көрсетілген күнге қосылу туралы өзінің актісін сақтауға тапсырмаған кез келген Үкіметке бір немесе бірнеше оны кейінге қалдыру бере алатын жағдайларды қоспағанда, 1995 жылдың 30 маусымына дейін осы Конвенцияға қосыла алады.

(2) 1995 жылдың 30 маусымынан кейін барлық мемлекеттердің Үкіметтері осы Конвенцияға Кеңес орынды деп санайтын шарттарда қосыла алады. Қосылу депозитариге қосылу туралы актіні сақтауға тапсыру жолымен жүзеге асырылады. Қосылу туралы актіде Үкіметтің Кеңес белгілеген шарттарды қабылдайтындығы көрсетілуі тиіс.

(3) Осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсаты үшін Қосымшада аталған қатысушылар көрсетілетін жағдайларда Үкіметі осы Бапқа сәйкес Кеңес ұсынған шарттарда осы Конвенцияға қосылған кез келген қатысушы көрсетілген Қосымшаға енгізілген болып саналады.

28-Бап Күшіне енуі

(1) Осы Конвенция, егер бекіту грамоталары, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы актілер немесе уақытша қолдану туралы декларация Қосымшаның А бөлігінде санамаланған, Қосымшаның А бөлігінде көрсетілген жалпы дауыс санының ең болмағанда 88 процентіне ие Үкіметтердің атынан 1995 жылдың 30 маусымынан кешіктірілмей сақтауға тапсырылса, 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

(2) Егер осы Конвенция осы Баптың (1)-тармағына сәйкес күшіне енбейтін болса, сақтауға бекіту грамоталарын, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы актілерді немесе уақытша қолдану туралы декларацияны өткізген Үкіметтер ортақ келісіммен өздерінің араларында күшіне енді деп шеше алады.

29-Бап Өз еркімен шығу

Кез келген қатысушы Конвенциядан өзінің шығуы туралы қаржы жылы аяқталғанға дейін кемінде 90 күн бұрын депозитарийге жазбаша хабарлама жолдап, қаржы жылының аяғында Конвенциядан шыға алады, алайда, мұнымен ол осы Конвенциядан туындайтын аталмыш қаржы жылының аяғына дейін орындалмаған міндеттемелерінен босатылмайды. Мұнымен бір мезгілде қатысушы Кеңеске қабылданған іс-әрекеттер туралы хабарлайды.

30-Бап Ерекшелік

Егер Кеңес қандай да бір болмасын қатысушы осы Конвенция бойынша өзінің міндеттемелерін бұзып отыр деп санаса және мұндай жолсыздық осы Конвенцияның қолданылуына елеулі зиян келтіреді деп шеше, ол арнаулы көпшілік дауыспен аталған

қатысушыны Кеңестен шығара алады. Кеңес кез келген мұндай шешім туралы депозитарийге дереу мәлімдейді. Кеңес шешім шығарылған күннен бастап тоқсан күн өткен соң қатысушы Кеңестің мүшесі болуын тоқтатады.

31-Бап Есеп айырысулардың тәртібі

(1) Кеңес осы Конвенциядан шығатын немесе Кеңестен шығарылатын немесе қандай да болмасын түрде осы Конвенцияның тарабы болуын тоқтататын қатысушымен есеп айырысулардың өзі әділ деп санайтын тәртібін белгілейді. Кеңес осы қатысушының төлеп қойған кез келген сомасын ұстап қалады. Мұндай қатысушы Кеңеске өзінен алынатын кез келген соманы төлеуге міндетті болып қалады.

(2) Осы Конвенцияның қолданылу мерзімі аяқталған соң осы Баптың (1)-тармағында аталған кез келген қатысушының Кеңесті таратудан немесе қандай да болмасын басқа да активтерден түсімдердің қандай да болмасын үлесіне құқығы болмайды, оған сондай-ақ Кеңестің мүмкін тапшылығының қандай да болмасын бөлігі жүктелмейді.

32-Бап Түзетулер

(1) Кеңес арнаулы көпшілік дауыспен қатысушыларға осы Конвенцияға түзетуді ұсына алады. Түзету депозитарий экспорттаушы қатысушылар дауысының жалпы санының үштен екісіне ие қатысушы экспорттаушылардан және қатысушы импорттаушылардың импорттаушы-қатысушылар дауысының жалпы санының үштен екісіне ие қатысушы-импорттаушылардан оны қабылдау туралы хабарлама алғаннан кейін 100 күннен соң немесе Кеңес арнаулы көпшілік дауыспен белгілейтін осындай неғұрлым кешірек мерзімде күшіне енеді. Кеңес әрбір қатысушы өзінің түзетуді қабылдағаны туралы депозитарийге хабарлайтын шектерде мерзім белгілей алады және егер осы мерзімде түзету күшіне енбейтін болса, онда ол алынып тасталған болып саналынады. Кеңес депозитарийге түзетуді қабылдауы туралы алынған хабарламаның соңғысының күшіне енуі үшін жеткілікті болып табылатындығын айқындауы үшін қ а ж е т а қ п а р а т т ы ұ с ы н а д ы .

(2) оның күшіне енуі күніне қандай да болмасын түзетуді қабылдау туралы хабарлама жолданбаған кез келген қатысушы, егер мұндай қатысушы оны қабылдау өзінің конституциялық рәсімдерін аяқтаудағы қиыншылықтарға байланысты мерзімінде қамтамасыз етіле алмайтындығына Кеңестің көзін жеткізбесе және Кеңес мұндай қатысушыға түзетуді қабылдау үшін белгіленген мерзімді ұзартуды шешпесе көрсетілген күннен бастап осы Келісімнің тарабы болуын тоқтатады. Қатысушы оның қабылдағаны туралы хабарлағанға дейін мұндай түзетуге қатысты деп саналмайды.

33-Бап Конвенцияның қолданылуының мерзімі, оның ұзартылуы және тоқтатылуы

(1) Осы Конвенция, егер ол осы Баптың (2)-тармағына сәйкес ұзартылмайтын болса немесе оның қолданылуы осы Баптың (3)-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылмайтын болса немесе егер көрсетілген күнге дейін оған қатысты ол 22-Бапқа сәйкес келіссөздер жүргізілуі мүмкін жаңа келісіммен немесе конвенциямен ауыстырылмайтын болса, 1998 жылдың 30 маусымына дейін күшінде қалады.

(2) Кеңес арнаулы көпшілік дауыспен осы Конвенцияны 1998 жылдың 30 маусымынан кейін әрбір жеке жағдайда екі жылдан аспайтын кезекті мерзімдерге ұзарта алады. Осы Конвенцияның мұндай ұзартылуымен келіспейтін кез келген қатысушы ол туралы Кеңеске осындай ұзарту күшіне енгенге дейін кем дегенде отыз күн бұрын хабарлайды. Мұндай қатысушы ұзарту мерзімі басталған сәттен бастап осы Конвенцияның тарабы болуын тоқтатады, алайда ол осы Конвенцияға сәйкес өзі осы күнге дейін орындамаған кез келген міндеттемелерінен босатылмайды.

(3) Кеңес осындай күннен бастап және өзі белгілей алатын шарттарда кез келген сәтте арнаулы көпшілік дауысы осы Конвенцияның қолданылуын тоқтату туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й а л а д ы .

(4) Осы Конвенцияның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Кеңес оны таратуды жүзеге асыру үшін талап етілуі осындай уақыт бойы болуын жалғастырады және аталған мақсат үшін талап етілуі мүмкін осындай өкілеттіктерге ие болады және о с ы н д а й м і н д е т т і о р ы н д а й д ы .

(5) Кеңес депозитарийге осы Баптың (2) немесе (3) тармақтарына сәйкес қабылданған кез келген әрекеттер туралы хабарлайды.

34-Бап Кіріспе мен Конвенцияның өзара байланысы

Осы Конвенция 1995 жылғы Астық жөніндегі халықаралық келісімнің Кіріспесін қ а м т и д ы .

Өздерінің тиісті Үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осыны куәландырып өздерінің қолдарының тұсында көрсетілген күні осы Конвенцияға қ о л қ о й д ы .

Мың тоғыз жүз тоқсан төртінші жылғы 7 желтоқсанда Лондонда Бекітілді әрі осы Конвенцияның ағылшын, француз, орыс және испан тілдеріндегі мәтіндері бірдей болып табылады.

1995 жылғы астық саудасы

туралы конвенцияға Қосымша 11-Бапқа сәйкес дауыстардың бөлінуі

(1995 жылдың 1 шілдесінен бастап 1998 жылдың 30 маусымына дейін)

А Бөлімі		
Алжир	15	
Аргентина	97	
Австралия	122	
Австрия	5	
Барбадос	5	
Боливия	5	
Канада	243	
Кот-д Ивуар	5	
Куба	6	
Эквадор	5	
Египет (Араб Республикасы)	55	
Еуропалық Қоғамдастық	443	
Финляндия	5	
Венгрия	13	
Үндістан	32	
Иран (Ислам Республикасы)	9	
Ирак	9	
Израиль	8	
Жапония	187	
Корея, Республика	26	
Мальта	5	
Маврикий	5	
Марокко	10	
Норвегия	11	
Пакістан	14	
Панама	5	
Ресей Федерациясы	100	
Сауд Аравиясы	17	
Оңтүстік Африка	16	
Швеция	10	
Швейцария	15	
Тунис	5	
Түркия	7	
Америка Құрама Штаттары	475	
Ватикан	5	
Йемен Республикасы	5	
2000		
В Бөлімі		

Бангладеш	9	
Беларусь	5	
Бразилия	32	
Болгария	7	
Чили	6	
Қытай (Халық Республикасы)		77
Колумбия	5	
Кипр	5	
Чех Республикасы		6
Доминикан Республикасы		5
Сальвадор	5	
Эстония	5	
Эфиопия	5	
Гана	5	
Гватемала	5	
Индонезия	5	
Ямайка	5	
Иордания	5	
Қазақстан	5	
Кения	5	
Кувейт	5	
Латвия	5	
Литва	5	
Малайзия	8	
Мексика	28	
Жаңа Зеландия		5
Нигерия	6	
Парагвай	5	
Перу	9	
Филиппины		7
Польша	31	
Румыния	14	
Сенегал	5	
Словакия	6	
Словения	5	
Шри Ланка		5
Судан	5	
Сирия Араб Республикасы		7
Тайвань	26	

Танзания	5	
Тайланд	17	
Тринидад и Тобаго		5
Украина	8	
Уругвай	5	
Өзбекстан	14	
Венесуэла	3	
Вьетнам	5	
Заир	5	
Замбия	5	
Зимбабве	5	

**1995 жылғы астық саудасы
туралы конвенцияның
шеңберіндегі
Рәсімдер қағидалары**

**1995 жылғы астық саудасы
туралы конвенция Рәсімдер қағидалары**

I Бөлім - жалпы ережелер

**1-Қағида
Конвенцияның қолданылуы**

Қатысушы елдер өздерінің пікірі бойынша Конвенция бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге қажетті шараларды қабылдайды.

**2-Қағида
Анықтамалар 2-бап**

Осы Рәсімдер қағидаларының мақсаты үшін:

(а) "бабына келтірілген тұқымдық бидай" ол шыққан елде қабылданған, осы елде бекітілген тұқымдық бидайға арналған стандарттық ерекшеліктерге сәйкес қабылданған практикаға орай осындай ретінде ресми куәландырылған бидайды білдіреді;

(б) "каф" тауардың және фрахттың құнын білдіреді;

(с) "сиф" тауардың, сақтандырудың және фрахттың құнын білдіреді;

(iii) мүмкіндігінше ең тез тәсілмен Атқарушы директорға берілуі тиіс.

(c) Барлық мәлімет әрбір нақты жағдайда жөнелтілген немесе импортталған астықтың немесе астық өнімінің әрбір түрінің санын бөлек көрсетуі тиіс. Олар, атап айтқанда, мыналармен:

(i) Конвенцияның 5-Бабында айқындалғанындай коммерциялық және арнаулы мәмілелердің арасында;

(ii) Бидай жағдайында - дәндік бидайдың, бидай ұнының, дурум бидайының, дурум бидайынан алынған ұн мен жарманың арасында;

(iii) арпа жағдайында - астық пен солодтың арасында;

(iv) астықтың барлық басқа да түрлерімен жағдайда - осы секілді астықтың және астықтық өнімнің арасында айырмашылықтары болуы және

(v) барлық мәліметтерде бабына келтірілген тұқымдық бидайды бөліп көрсетуі тиіс.

(d) Қатыспайтын елдерден астықты экспорттайтын немесе астықты импорттайтын қатысушылар егер, олар орын алса, жөнелтулер мен импорт туралы өздерінің мәліметтерін әрбір күнтізбелік айдың ішінде береді. Бұл мәліметтер Атқарушы директорға осы операциялар орын алған ай өтісімен ең тез тәсілмен жіберіледі. Егер қандай да болмасын айдың ішінде ешқандай экспорттық жөнелту немесе импорт болмаса, қатысушы Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет осы қатысушы жағдай өзгергенге дейін мәлімет бермеуі тиіс дегенге келісетін жағдайларды қоспағанда, "нөлді" хабарлайды.

(e) Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет кез келген қатысушыдан осы Қағиданың (b)-тармағында көзделген уақыттың неғұрлым қысқа аралығында мәлімет ұсынууды сұрай алады.

(f) Осы Қағиданың (b) тармағына сәйкес жасалған ұсынылған мәліметтерге кез келген түзетулер мүмкін болатын қысқа мерзімдерде хабарлануы тиіс.

(g) Транзиттік сауда жүргізуші және жөнелтуді жүзеге асырушы қатысушылар әрбір ауыл шаруашылығы жылы аяқталғаннан кейінгі ең қысқа мерзімдерде немесе мұны жағдай талап еткен кезде осы Қағиданың (b) тармағына сәйкес берілген ақпараттың негізінде Кеңес тіркеген қатысушы-импорттаушылардың сатып алулары мен олардың шын мәніндегі импортының арасындағы кез келген айырмашылықтар мен алшақтықтарды барынша жоюға тырысуы тиіс. Уағдаластығы бар кез келген түзетулер кез келген қатысушының тіркелген экспорттық жөнелтулерінің жалпы көлеміне қандай да болмасын өзгерістер әкелмеуі тиіс.

(h) Қатысушы осы Қағиданың (a) бастап (g) дейінгі тармақтарының түсіндірілуіне немесе қолданылуына қатысты немесе қатысушыға қатысты, жөнелтулер туралы кез келген құлақтандыруда көрсетілген сандарға қатысты көтерген кез келген мәселе, егер бұл мәселе қанағаттанарлық тұрғыда шешілмейтін жағдайда, оны Атқарушы комитеттің қарауына жолдайтын Атқарушы директорға жолданады.

(i) Атқарушы директор Кеңестің мүшелеріне осы Қағиданың (b) - (g) тармақтарына сәйкес алынған, қажет жерінде Хатшылықта бар басқа ақпаратпен нығайтылған жүйелі құлақтандырулар жолдайды. Аталған құлақтандырулар атап айтқанда, Конвенцияның 5-Бабында айқындалғандай коммерциялық және арнайы жағдайларда жүргізілетіндерін көрсете отырып, қаралатын кезеңдегі барлық астық жөнелтулердің көздері мен арналған пункттерін көрсетеді.

(j) Атқарушы директор әрбір ауыл шаруашылығы жылы аяқталысымен өткен жылдың ішінде орын алған барлық ескерілген астық жөнелтулерінің егжей-тегжейін көрсететін жөнелтулер туралы тіркеу жазбасының жобасын әзірлейді және оларды барлық қатысушыларға жібереді. Жөнелтулердің көрсетілген тіркелуін Кеңес мақұлдағаннан кейін, ол Кеңес айқындайтын шарттарда жарияланады.

5-Қағида

Бағалар туралы мәліметтер 7-бап

(a) Астықтың қатысушы-экспорттаушылары Атқарушы директорға мүмкіндігінше ең тез тәсілмен, әрбір жұмыс аптасының сейсенбісінен кешіктірмей алдағы апталардың ішіндегі тиісті түсіру орындарын көрсете отырып астықпен сауда жүргізілетін бағалар туралы немесе сатуға арналған ұсыныстарда көрсетілген бағалар туралы ақпарат беретін хабарлама жолдайды.

(b) Осы Қағиданың (a) тармағына сәйкес мәліметтер:

(i) экспортталатын немесе сату үшін қолда бар астықтың немесе астық өнімдерінің барлық сипаттамаларын, сыныптарын, үлгілерін, сорттарын немесе сапасын қамтуы;

(ii) фоб жағдайында (туынды өнімдер жағдайында фас), немесе сиф немесе каф жағдайында болуы;

(iii) жөнелтудің тиісті кезеңін көрсетуі және (iv) мүмкін жерінде көрсетілген бағалар оларға қатысты импорттаушы елдерді немесе аймақтарды көрсетуі тиіс.

(c) Астықтың қатысушы-импорттаушылары мүмкіндігіне қарай Атқарушы директорға өздері астықты сатып алатын бағалар туралы жүйелі түрде мәліметтер жолдап отырады (фоб, фас, каб немесе сиф).

(d) Қатысушылар Атқарушы директорға барлық кезде осы Қағидаға сәйкес бағалары келтірілетін экспорт үшін ұсынылатын астықтың немесе туынды өнімдердің арнаулы ерекшеліктерінде, стандарттарында немесе сипаттамаларында жасалатын өзгерістер туралы хабарлап отыруы тиіс.

6-Қағида

Елеулі залал келтіру 8-бап

Егер қандай да бір болмасын қатысушы Кеңестің алдына Конвенцияның қатысушысы ретінде өзінің мүдделеріне бір немесе бірнеше басқа қатысушылардың

іс-әрекетімен елеулі залал келтірілгендігі және бұл іс-әрекеттер Конвенцияның жұмыс істеуіне нұқсан келтіретіндігі туралы мәселе қойғысы келсе, онда ол мұны Атқарушы директордың атына жазбаша түрде жасайды. Атқарушы директор мүдделі қатысушылардың арасында дереу консультациялар жүргізеді және осы мәселенің қойылуы туралы Атқарушы комитетке хабарлайды. Егер бұл мәселені тараптардың арасында консультациялар жүргізу жолымен, ал кейін Атқарушы комитеттің отырысында қанағаттанарлық түрде шешудің сәті түспесе онда іс Кеңестің қарауына беріледі және қажет жағдайда, осы мақсат үшін арнаулы сессия шақырылады.

II Бөлім - Әкімшілік қаулылар

7-Қағида

Өкілдерді тағайындау 9-бап

Кеңестің әрбір қатысушысы Кеңес орналасқан елде әдетте Кеңестің жұмысы туралы құлақтандырулар мен басқа да хабарлар жолданатын өзінің өкілін тағайындайды. Кеңестің кез келген мүшесі Атқарушы директормен өкілдіктің өзге тәртібін келісе алады.

8-Қағида

Кеңестің Төрағасы мен Төрағаның Орынбасары 9-бап

(a) Кеңес қаржы жылының аяғында өткізілетін соңғы кезекті сессиясында келесі қаржы жылына сол жылдың басынан бастап өзінің міндеттеріне кірісетін Төраға мен Төрағаның Орынбасарын сайлайды.

(b) Төраға мен Төрағаның Орынбасары сайланбалы тұлғалар болып табылады, бірін - импорттаушы мүше елдердің делегациялары, ал екіншісін - экспорттаушы мүше елдердің делегациялары сайлайды. Осы лауазымды тұлғалардың әрқайсысы, әдетте, мүшелердің екі санатының арасында жыл ішінде бір-бірін өзара ауыстыра алады, бірақ Кеңес ерекше жағдайларда өздерінің міндеттерін орындау үшін Төраға мен Төрағаның Орынбасарын қатарынан екінші мерзімге сайлай алады.

(c) Рәсімдер қағидаларында көзделген өкілеттіктерді орындаудан басқа Төрағаға міндеттер:

- (i) Кеңестің отырыстарында төрағалық ету;
- (ii) Кеңестің әрбір отырысының және әрбір сессиясының ашылғандығы және жабылғандығы туралы жариялау;
- (iii) әрбір сессияның басында күн тәртібінің жобасын Кеңестің бекітуіне ұсыну;
- (iv) отырыстарда пікірталастардың барысын басқару және Рәсімдер қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

(v) Сөз сөйлеу үшін сөз беру және 17-Қағидаға сәйкес отырыстарды жүргізудің тәртібі жөніндегі барлық мәселелерді шешу;

(vi) мәселелер қою және шешімдерді жариялау;

(vii) мәселелерді дауысқа салуға қою және отырыста дауыс берудің нәтижесін жариялау және (viii) 19-Қағиданың (i) және (ii)-тармақшаларында баяндалған дауыс беру рәсіміне байқау жүргізу жүктеледі.

(d) Егер Кеңестің Төрағасы отырыстың бір бөлігінде немесе бүкіл отырыс бойы болмаса немесе өзінің міндеттерін орындауға уақытша жағдайы болмаса, онда оның міндеттерін Төрағаның Орынбасары атқарады.

Төраға мен Төрағаның Орынбасары болмаған жағдайда, Кеңес уақытша Төраға с а й л а й д ы .

(e) Егер Кеңес Төрағасының әлдебір себеппен өзінің міндеттерін атқаруды жалғастыруға жағдайы болмаса, оның міндетін Кеңес жаңа Төраға сайлағанға дейін Төрағаның Орынбасары атқарады.

(f) Төрағаның Орынбасары Кеңестің Төрағасы немесе уақытша Төраға ретінде іс-қимыл жасай отырып, Төрағаныкіндей өкілеттіктер мен міндеттерге ие болады.

(g) Кеңестің Төрағасы Кеңестің кез келген комитетінің отырыстарына қатыса және дауыс беру құқығынсыз талқылауларға қатыса алады. Төрағаға Кеңестің комитеттері отырыстарының барлық хаттамалары мен ол өзі үшін қажет деп санайтын комитеттердің жұмысы туралы кез келген басқа да ақпарат жіберіледі.

(h) Кеңестің отырысы кезінде Төрағаның орнында отырған Төраға, Төрағаның Орынбасары немесе уақытша Төраға Кеңесте қандай да бір болмасын мүше елдің өкілі ретінде бола алмайды және дауыс беру құқығы болмайды.

9-Қағида

Кеңестің құжаттамасы 9-бап

(a) Кеңестің барлық есептері ағылшын, француз, орыс және испан тілдерінде жүргізіледі.

(b) Кеңестің отырыстары туралы есептер мен Кеңестің, Атқарушы комитеттің, Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің және басқа да комитеттердің немесе Жұмыс топтарының басқа да құжаттарының, әдетте, ол арқылы олардың тек қызмет бабында пайдалануға арналғандығын көрсететін "рұқсат етілуі шектеулі" белгісі болады.

(c) "Рұқсат етілуі шектеулі" деген белгісі бар құжаттардың жіктелмеушілігінің мынадай тәртібі қолданылады:

(i) Кеңестің қызметі туралы, Комитеттің және Жұмыс топтарының отырыстары туралы хаттамалар мен есептер бес жыл бойы "рұқсат етілуі шектеулі" белгісімен қалады, алайда, олар шығарылған күннен бастап үш жылдан кейін, оларға жауапты

тұлғаларға рұқсат етілуі мүмкін;

(ii) басқа құжаттар олар "шектеулі рұқсат ету" белгісімен шығарылған күннен бастап үш жыл бойы "рұқсат етілуі шектеулі" белгісімен қалады, алайда, олар шығарылған күннен бастап бір жылдан кейін оларға жауапты тұлғаларға рұқсат етілуі мүмкін.

(d) Осы Қағиданың (c) тармағының ережелеріне қарамастан Кеңес немесе Атқарушы комитет кез келген құжаттағы ақпарат талап етілуі бойынша жариялануы немесе берілуі мүмкін деп шешуі ықтимал; Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет өзі жауап беретін қандай да болмасын құжаттағы ақпарат талап етілуі бойынша жариялануы немесе берілуі мүмкін деп шеше алады.

10-Қағида

Кеңестің қаржы жылына есебі 10-бап

(a) Әрбір қаржы жылының ең басында Атқарушы директор Кеңестің аяқталған қаржы жылына арналған Есебінің жобасын дайындайды. Есепте Кеңес пен оның комитеттері қызметінің және Астық саудасы туралы конвенцияның қолданылу іс-әрекетінің есепті жыл ішіндегі сипаттамасы беріледі. Жобаны Атқарушы комитет қарайды, одан кейін ол мақұлдауға және кейін жариялауға Кеңеске ұсынылады.

11-Қағида

Өкілеттіктерді беру 10-бап

(a) Рәсімдер қағидаларына сәйкес Кеңестің кез келген комитетіне немесе Атқарушы директорға Конвенцияда көзделгеннен тыс өкілеттіктер берілген жағдайда, олар Конвенцияның 10-бабының (4)-тармағына сәйкес Кеңес берген өкілеттіктер ретінде қаралады.

(b) Қатысушы елдердің Конвенцияның 10-Бабының (4)-тармағына сәйкес кез келген Комитет өзіне берілген өкілеттіктерге немесе міндеттерге сәйкес қабылдаған шешімін Кеңестің қайта қарауы туралы кез келген өтінуі Атқарушы директорға осы Комитеттің көрсетілген шешімі бар бекітілген хаттамасы таратылған күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей жазбаша түрде ұсынылады.

12-Қағида

Қағидаларды өзгерту немесе тоқтату 10-бап

Қандай да болмасын Рәсімдер қағидасына түзетулер енгізу немесе оның қолданылуын тоқтата тұру туралы кез келген ұсынысты уақытша негізде Кеңес қабылдауы мүмкін. Қандай да болмасын Рәсімдер қағидасына тұрақты түзету енгізу туралы немесе оны тоқтату туралы кез келген ұсынысты Атқарушы директордың ол

туралы Кеңестің осы ұсыныс қаралуы мүмкін отырысына дейін кемінде бір ай бұрын таратуы шартымен, Кеңес қабылдауы мүмкін.

13-Қағида

Дауыстарды түзету 11-бап

11-Баптың (3)-тармағына сәйкес Конвенцияға қатысушылардың дауыстарын түзетуді жүзеге асыру кезінде мынадай әдіс қолданылады:

Әрбір қатысушы үшін дауыстар мыналарға негізделетін болады:

(i) қарапайым орташа шамаға 1986 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияның 11-Бабына сәйкес 1994 жылғы 1 шілдедегі жай-күй бойынша осы қатысушы ие болған дауыстарға және осы қатысушының барлық қатысушылардың төменде белгіленген кезеңге арналған орташа деректердің негізінде шығарылған астықпен саудасының жалпы көлеміндегі астықпен саудасы көлемінің үлесіне (2000 дауыстың бір бөлігі р е т і н д е б і л д і р і л г е н) :

1995/96 жылы күшіне енетін бастапқы дауыстар үшін орташа деректер 1961/62-1990/91 жылдардағы кезең үшін алынатын болады;

1998/99 жылы күшіне енетін түзетулер үшін орташа деректер 1970/71-1993/94 жылдардағы кезең үшін алынатын болады;

2000/01 жылы күшіне енетін түзетулер үшін орташа деректер 1976/77-1995/96 жылдардағы кезең үшін алынатын болады;

2002/03 жылы күшіне енетін түзетулер үшін орташа деректер 1982/83-1997/98 жылдардағы кезең үшін алынатын болады;

кез келген басқа жылы күшіне енетін түзетулер үшін орташа деректер қандай жағдайда да орташа деректер алынатын кезең 10 жылдан кем болмауын қоспағанда, жоғарыда келтірілген схеманың негізінде өзгерген кезең үшін алынатын болады.

1994 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1986 жылғы Конвенцияның қатысушысы болмаған елмен дауыстар осы елдің осы тармақта көрсетілген тиісті кезеңнің ішіндегі барлық қатысушылардың астықпен саудасының жалпы көлеміндегі немесе онымен сауда жасау туралы статистикалық деректер алынуы мүмкін осы кезеңнің осындай бір бөлігі үшін астықпен саудасының көлемі үлесінің негізінде есептелетін болады;

(ii) Конвенцияның әрбір қатысушы елінің осы Қағиданың (i) тармағына сәйкес есептелген 1995 жылдың азық-түлік көмегін көрсету туралы дауыстарының саны 8%-ке ө с і р і л е т і н б о л а д ы ;

(iv) осы Қағиданың (i) және (ii)-тармақтарындағы есептеулердің нәтижелері барлық қатысушылардың дауысының жалпы саны 2000-ға (14-Қағиданың ережелері ескеріле отырып) тең болуы үшін 15-Қағиданың ережелері назарға алына отырып сайма-сай түзетілетін болады.

14-Қағида

Қаржы жарналарын есептеу мақсатында дауыстарды бөлу 11-бап

(а) Конвенция күшіне енгеннен кейін өздерінің бекіту грамоталарын, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы актілерін немесе уақытша қолдану туралы хабарламаларын өткізген барлық үкіметтер үшін кейін Қосымшада келтірілген дауыстар жиынтықталатын болады. Егер осы жалпы жиынтық:

(i) 2000 дауысты немесе одан азды құраса, әрбір қатысушының дауысы Қосымшада көрсетілгендей болып қалады,

(ii) 2000 дауыстан көпті құраса, барлық қатысушылардың дауыстары 15-Қағиданың ережелері назарға алына отырып, оларда 2000 дауыс болатындай болып сайма-сай азайтылатын болады.

Қатысушылардың дауыстары осыдан кейін Конвенцияға мүшелік одан әрі өзгертілгенге дейін немесе 11-баптың (3) тармағына немесе (4)-тармағына сәйкес дауыстар қайта бөлінгенге дейін өзгеріссіз қалатын болады.

(b) Конвенция күшіне енгеннен кейін,

(i) қандай да бір Үкімет Конвенцияның тарабы болуын тоқтатқан кез келген ретте қалған қатысушылардың дауыстары өсірілмейтін болады және олардың дауыстарының жалпы жиынтығы одан кейін мүшелікке одан әрі өзгеріс енгізілгенге дейін өзгеріссіз қалатын болады;

(ii) қандай да бір Үкімет Конвенцияның тарабы болған кез келген ретте оның дауысы басқа қатысушылардың дауыстарына қосылады. Егер жана жалпы жиынтық:

(a) 2000 дауысты немесе одан азды құраса, басқа қатысушылардың дауыстары өзгеріссіз қалады;

(b) 2000 дауыстан көпті құраса, басқа қатысушылардың дауыстары барлық қатысушылардың дауыстарының жалпы жиынтығы 2000 дауысты құрайтындай болып сайма-сай азайтылатын болады.

15-Қағида

11-Бапқа сәйкес дауыстарды қайта бөлу 11-бап

11-Бапқа сәйкес дауыстарды қайта бөлу кезінде мынадай ережелер қолданылады:

(a) жекелеген дауыстар болмауы тиіс;

(b) кез келген Қатысушы үшін дауыстардың ең төменгі саны 5-ті құрайтын болады;

(c) егер 1994 жылдың 7 желтоқсанынан кейін қандай да бір мемлекет осы Конвенцияның тарабы болып табылатын кез келген қатысушыға қосылатын болса, онда кеңейтілген қатысушының дауысы мынадай жиынтық ретінде есептелінетін болады:

(i) осы қосылу уақытындағы қатысушының дауыстары

(ii) қосылған мемлекеттің немесе мемлекеттердің дауыстарымен бірге (немесе Конвенцияның қатысушылары болып табылмайтын мемлекеттердің жағдайында Кеңес а й қ ы н д а й т ы н о л а р д ы ң да у ы с т а р ы);

(c) кез келген қатысушы үшін дауыстардың ең көп саны 475-ті құрайтын болады.

16-Қағида

Кеңестің сессиялары: хабарлама жасау және күн тәртібінің жобасы 13-бап

(a) Кеңестің әрбір сессиясының күн тәртібін Атқарушы директор әзірлейді және Атқарушы комитет немесе Кеңестің Төрағасы бекітеді және Кеңестің мүшелері ұсынған кез келген тармақты қамтиды.

(b) Атқарушы директор Кеңестің қатысушыларына және Конвенцияның қатысушы болып табылмайтын кез келген елге немесе байқаушы ретінде сессияға қатысуға шақырылған халықаралық ұйымдарға күн тәртібінің жобасын қоса беру арқылы Кеңестің әрбір сессиясының бірінші отырысының күні туралы хабарлама жібереді. Мұндай хабарлама кемінде 21 күн бұрын және, егер ол мүмкін болса, отырыстың басталуына дейін 30 күн бұрын жіберіледі. Сессия Төрағаның пікірі бойынша сессияның бірінші отырысын шақыруды қажет ететін шұғыл жағдайлар болғанда Конвенцияның 13-Бабының (3)-тармағына сәйкес, 21 күн өткенге дейін шақырылса, мұндай жағдайларда хабарлама мейлінше қысқа мерзімде, бірақ кемінде 10 күн бұрын немесе егер сессия 4-баптың (2)-тармағына сәйкес шақырылса 5 нарықтық күнде ж і б е р і л у і м ү м к і н .

(c) Кеңестің мүшелері сессия туралы хабарламаны алуы бойынша ең қысқа мерзімде Атқарушы директорға өзінің өкілдерінің атаулы құрамы туралы жазбаша хабарлайды.

17-Қағида

Кеңестің сессиялары: рәсімдік мәселелер 13-бап

(a) Кеңестің отырыстары Кеңес өзге шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда жабық болып саналады және оның пікірталастары құпия болып саналады.

(b) Кеңестің сессияларының жұмысы әдетте, ағылшын, француз, орыс және испан тілдерінде жүргізіледі және Атқарушы директор, егер олар жөнінде қажеттілік пайда болса аударманы жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

(c) Кеңес күн тәртібін бекіткеннен кейін, егер Кеңестің шешімі солай болса қосымша тармақтар енгізілетін жағдайларды қоспағанда, оған ешқандай өзгерістер е н г і з і л м е й д і .

(d) Кез келген мәселені талқылау барысында әрбір делегат мәжілісті жүргізудің

тәртібі жөнінде мәлімдеме жасай алады. Бұл жағдайда Төраға өзінің шешімін дереу жариялайды. Егер қандай да бір делегат бұл шешімге қарсылық білдірсе Төраға бұл мәселені дереу отырысқа қатысушылардың қарауына қояды және олардың шешімі олар тоқтатылғанға дейін күшінде қалады.

(e) Талқылауларға Төрағаның рұқсаты болған жағдайларды қоспағанда, Кеңеске қатысушы елдердің делегаты немесе оның орынбасары ғана қатысады.

(f) Атқарушы директор Кеңес өзге шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Кеңестің әрбір сессиясынан кейін бірден шешімдер мен қарарлар туралы қысқаша есеп таратады.

18-Қағида

Кеңестің сессиялары: Өкілеттіктерді тексеру жөніндегі комитет 13-бап

Әр сессияда Кеңес өкілдердің өкілеттіктерін тексеретін және тиісті баяндама жасайтын Өкілеттіктерді тексеру жөніндегі комитетті тағайындайды. Өкілеттіктерді тексеру жөніндегі комитет өзінің Кеңеске баяндамасында:

(a) Конвенцияның 12-Бабының (8)-тармағына сәйкес басқа қатысушыға өзінің дауыс беру құқығын кез келген отырыста немесе осы сессияның отырыстарында жүзеге асыруға уәкілеттік берген кез келген қатысушыны;

(b) 31-Бапқа сәйкес өзінің қаржылық берешегі себебі бойынша дауыс беру құқығынан уақытша айырылған кез келген қатысушыны көрсетеді.

19-Қағида

Кеңестің сессиялары: дауыс беру 12-бап

(a) Егер сессияның жұмысы кезінде дауыс беруді жүргізудің қажеттігі туындайтын болса, Төраға дереу Кеңеске Өкілеттіктерді тексеру жөніндегі комитеттің 12-Баптың (9)-тармағының ережелерін ескеретін баяндамасының негізінде экспорттаушы және импорттаушы елдердің арасындағы дауыстарды бөлу туралы мәлімдейді.

(b) Кеңесте дауыс берудің мынадай рәсімі көзделеді:

(i) барлық мәселе бойынша дауыс беру Төрағаның қалауы бойынша, қандай да бір делегаттың өтініші бойынша атаулы дауыс берілетін немесе бюллетендер беру жолымен дауыс берілетін жағдайларды қоспағанда, қол көтерумен жүзеге асырылады.

Мұндай дауыс берудің нәтижелері қалыс қалғандардың, қолданғандардың және қарсы болғандардың дауыстарын қоса алғанда хаттамаға енгізіледі;

(ii) атаулы дауыс беруді Төраға белгілеген елден бастап өздері өкілі болып табылатын елдердің делегаттарын ағылшын әліппесінің ретімен шақыратын Атқарушы директор жүргізеді. Тек Кеңеске мүше елдің делегатының немесе оның орынбасарының ғана дауыс беруге құқығы бар;

(iii) Төраға, Төрағаның Орынбасары немесе уақытша Төраға Кеңестің қандай да

болмасын отырысында Төрағаның міндетін атқарған жағдайларда, олар білдіретін елдің дауыс беру құқығын осы елдің басқа өкілі болмаса, әрбір нақты жағдайға қарай басқа экспорттаушы немесе импорттаушы елдің делегаты жүзеге асыра алады.

20-Қағида

Атқарушы комитет: Төраға 15-бап

(a) Егер Төраға мен Төрағаның Орынбасары Комитеттің отырысына қатыса алмаса, Комитет аталған отырысқа уақытша Төраға сайлайды.

(b) Төраға, Төрағаның Орынбасары немесе Комитеттің уақытша Төрағасы өздерінің міндеттерін 8-Қағиданың (c), (e), (f) және (h) тармақтарына баяндалған Кеңестің Төрағасы туралы ережеге сәйкес орындайды.

21-Қағида

Атқарушы комитет: отырыстар мен есептерді жүргізудің тәртібі 15-бап

(a) Атқарушы комитеттің экспорттаушы және импорттаушы - мүше елдері барлық экспорттаушы және импорттаушы елдердің мүдделеріне және Конвенцияның тиімді жүзеге асырылуына лайықты көңіл бөледі.

(b) Атқарушы комитеттің отырысы (a) - (e) тармақтарын қоса алғанда, 17-Қағидада Кеңестің отырыстары үшін көзделген рәсімге сәйкес жүргізіледі.

(c) (i) Атқарушы директор Кеңес немесе Атқарушы комитет басқа тәртіпті бекітетін жағдайларды қоспағанда, отырысты есептемегенде бес жұмыс күннің ішінде Атқарушы комитеттің барлық отырыстарының алдын ала қысқаша есептерін дайындайды және оларды Комитеттің мүшелеріне таратады. Комитеттің мүшелері енгізгісі келетін кез келген түзетулер Атқарушы директорға ол күнді есептемегенде есептерді тарату күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.

(ii) Егер ешқандай түзетулер алынбаса есептер бекітілген болып есептеледі.

(iii) Егер түзетулер алынса, Атқарушы директор оларды есептерге енгізеді және өзгертілген мәтінді Комитеттің мүшелеріне жібереді. Өзгертілген есептер сол күнді есептемегенде, олар таратылған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде ешқандай қосымша ескертпелер алынбауы шартымен бекітілген болып саналады.

(iv) Есептер бекітілісімен олар бірден Кеңестің мүшелеріне жіберіледі және оларды түпкілікті бекіту үшін Комитеттің келесі отырысының қарауына қойылады.

22-Қағида

Атқарушы комитет: дауыс беру 15-бап

(a) Атқарушы комитетте экспорттаушы елдердің тобы мен импорттаушы елдердің тобы әр қайсысы 100 дауысқа ие.

(b) Атқарушы комитеттің кез келген отырысында кворумды импорттаушы және экспорттаушы елдердің көпшілік дауысы бар мүше елдердің қатысуы кұрайды.

(c) Атқарушы комитеттегі дауыс беру 12-баптың (8)-тармағында және 19-Қағидада Кеңесте дауыс беру үшін көзделген рәсімге сәйкес жүргізіледі.

23-Қағида

Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет 16-бап

(a) Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің отырысы 17-Қағиданың (a) - (e) -тармақтарында Кеңестің отырыстары үшін көзделген рәсімге сәйкес жүргізіледі.

(b) Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитет Кеңеске немесе Атқарушы комитетке баяндама немесе ұсыным табыс еткен кезде осы баяндама немесе ұсыным бір ауыздан қабылданғандығын немесе бір ауыздан қабылданбағандығын көрсетеді. Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің қандай да бір мүшесінің келіспеуі, егер ол осыны талап етсе, хаттамаға енгізіледі.

(c) Атқарушы директор оның жұмысына қатысы бар мәселелер бойынша Комитеттің отырыстарында сөз сөйлеу үшін тиісті өкілдерді шақыра алады.

(d) Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің отырыстары туралы есептер Кеңестің қатысушыларына жіберіледі.

24-Қағида

Атқарушы директордың міндеттері 17-бап

Атқарушы директор Кеңестің, Атқарушы комитеттің және Рыноктың конъюнктурасы жөніндегі комитеттің директиваларын орындайды және өзіне Конвенция мен Рәсімдер қағидалары жүктейтін міндеттерге сәйкес іс-әрекет жасайды.

25-Қағида

Қаржы мәселелері: бюджет 21-бап

(a) Қаржы жылы деп 1 шілдеден бастап 30 маусымға дейінгі қаржы жылы саналады.

(b) Кеңес әрбір қаржы жылына Кеңес орналасқан елдің өкілін қоса алғанда, Кеңестің оннан астам қатысушысының өкілінен тұратын Хатшылықтың келесі қаржы жылына арналған бюджеттік ұсыныстарын алдын ала қарауымен айналысатын Қаржы комитетін тағайындайды. Кеңестің талап етуі бойынша Комитет оған басқа да бюджеттік және қаржы мәселелері бойынша консультациялар бере отырып отырыстарды да өткізеді.

(c) Атқарушы директор Кеңестің келесі қаржы жылына арналған бюджеті қаралатын сессиясының басталуына дейін 21 күннен кешіктірмей және мүмкін болса 30 күн бұрын Кеңестің қатысушыларына алдын ала тәртіппен Қаржы комитеті қараған

және одан кейін Атқарушы комитет бекіткен бюджеттің жобасын жолдайды. Бюджеттің жобасы фунт стерлингпен бағаланады және:

(i) бюджеттік қаражатпен және осы қаржы жылына арналған жарналардың жалпы сомасымен салыстырғандағы ағымдағы қаржы жылында көзделініп отырған шығыстардың жай-күйі туралы есепті;

(ii) ағымдағы қаржы жылында көзделініп отырған кірістер мен шығыстардың жай-күйі туралы есепті және осы жылдың аяғындағы резервтерді бағалауды;

(iii) елдердің төленбеген жарналары туралы есепті;

(iv) ағымдағы қаржы жылына көзделініп отырған шығыстармен салыстырғандағы келесі қаржы жылына көзделінетін шығыстарды және

(V) штаттағы қызметкерлердің саны мен қызметін көрсететін есепті қамтиды.

(d) Елдердің әрбір қаржы жылына арналған жарналары Кеңес бекіткен жарналардың жалпы сомасының негізінде Қосымшада көрсетілгеніндей елдердің дауыстарының санына сайма-сай есептеледі, алайда, Конвенцияның 11-Бабының аталған қаржы жылына арналған бюджет қабылданған уақыттағы Конвенцияға мүшелікті көрсететін ережелеріне сәйкес түзетілуі және қайта бөлінуі мүмкін. Конвенцияға қосылған елдердің бастапқы жарналары Конвенцияның 27-Бабының (2)-тармағының ережелеріне сәйкес қосылу бекітілген күннен бастап аталған қаржы жылында қалған толық айлардың санына сайма-сай белгіленеді. Жарналар фунт стерлингпен төленеді.

(e) Кеңес бекіткен бюджет Атқарушы директорды өзіне міндеттемелер алуға және шығыстарды тиісті мақсаттарға жүзеге асыруға уәкілеттік береді, оның үстіне Кеңестің Төрағасының және Атқарушы комитеттің санкциясымен Атқарушы директордың сметалық шығыстарды тұтас алғанда бюджеттің жалпы сомасынан аспауы шартымен кез келген жеке бап бойынша өсіре алатындығы көзделінеді.

26-Қағида

Қаржы мәселелері: шоттар 21-бап

(a) Атқарушы директор Кеңестің шоттарының жүргізілуі үшін жауапкершілікте болады және:

(i) Атқарушы комитет бекіткен банкте немесе банктерде Астық жөніндегі халықаралық кеңестің атына ашылған шотқа немесе шоттарға енгізу үшін немесе Атқарушы комитеттің келісімімен инвестициялау үшін алынған барлық ақша қаражатына билік етеді, сондай-ақ Атқарушы комитет тағайындаған екі адам қол қойған чектер бойынша көрсетілген банктегі немесе банктердегі шоттан немесе шоттардан ақша алады;

(ii) төлемдерді растайтын Құжаттардың негізінде ғана қамтамасыз етеді;

(iii) түсімдердің жүйелі түрде түсуін, Кеңестің барлық қорлары мен басқа да

қаражатына билік етуді және олардың сақталуын Қамтамасыз ету үшін тиімді ағымдағы тексеруді немесе қаржы мәмілелерін қарауды көздейтін ішкі бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ бюджетінің немесе Кеңес бекіткен басқа да қаржы қаражатының сақталуын қамтамасыз етеді;

(iv) барлық түсімдер мен жүргізілген шығыстар көрініс табатындай, басқа жабдықтарды алу мен сату, сатып алу мен пайдалану және түсімдер көрсетіле отырып барлық негізгі қаражат тіркелетіндей, сондай-ақ осындай жабдықтар мен түсімдердің қолда бар запасына түгендеу жүргізілетіндей тұрғыда есеп кітаптарының жүргізілуін қамтамасыз етеді;

(v) мұқият тексеруден кейін қолда бар ақшаның, запастардың және басқа да мүліктің шығындарын есептен шығаруға рұқсат ете алады, алайда, осы тармаққа сәйкес жасалатын кез келген іс-әрекет Атқарушы комитеттің бекітуіне жатады.

(b) Атқарушы директор Атқарушы комитеттің санкцияларымен өзі Кеңестің мүддесінде қажет деп санайтын көтермелеу төлемдерін жүргізе алады.

(c) Атқарушы директор әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде осы қаржы жылындағы түсімдер мен төлемдердің балансынан тұратын қаржылық есеп дайындайды және оны кейін тиісті баяндама ұсынатын Кеңестің ревизорларының қарауына береді.

(d) Әрбір қаржы жылында Атқарушы директор қысқа мерзімде Кеңестің мүшелеріне ревизорлардың баяндамасы қоса берілген Кеңестің өткен қаржы жылына арналған қаржылық есебін жібереді.

27-Қағида

Ревизорлар мен сенім білдірілген адамдарды тағайындау 21-бап

(a) Конвенцияның қолданылуының бірінші қаржы жылында Атқарушы комитет мүмкіндігінше тезірек Конвенцияның қолданылу мерзіміне Кеңестің ревизорларын тағайындайды.

(b) Кез келген босаған орынды иелену үшін Атқарушы комитет Жинақ және Зейнетақы қорлары қызметкерлерінің қатарынан сенім білдірілген адамдарды тағайындайды.

III-Бөлім - Қорытынды ережелер

28-Қағида

Қосылу 27-бап

(a) Егер Қосымшаға енгізілген ел 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап Конвенцияның қатысушысы болмаса, бірақ кейін Конвенцияның 27-Бабының (2)-тармағына сәйкес

қосылса, онда оның дауысы 11-Баптың мақсаты үшін Қосымшада көрсетілгеніндей 11-Баптың (3) және (4)-тармақтарына сәйкес қажет болғанда түзетіліп есепке алынатын болады.

(b) Егер Қосымшада көрсетілмеген ел 27-Баптың (2)-тармағына сәйкес Конвенцияға қосылса, оның дауысы 11-Баптың мақсаты үшін, егер Кеңес басқаша шешпесе, Қосымшада санамаланып көрсетілген барлық елдердің астықпен саудасының жалпы көлеміндегі қосылушы елдің астықпен саудасының жалпы көлемінің үлесі ескеріле отырып айқындалады, бұл ретте есептерде 13-Қағиданың (i) тармағында көрсетілген тиісті кезеңдегі сауда туралы орташа деректер пайдаланылады. Мұнда контекстегі осы елдің "саудасы" Конвенцияның қатысушысы болып табылмайтын елдерді қоса алғанда, барлық елдерден импортты және барлық елге экспортты қамтиды.

(c) 15-Қағидадағы қатысушылардың дауыстарына қатысты айқындалған шарттар оларды қайта бөлгеннен кейін, сондай-ақ 27-Баптың (2)-тармағына сәйкес қосылған кез келген елдің дауысына да қолданылады. Атқарушы комитет Конвенцияның 27-Бабының (2)-тармағына сәйкес қосылу туралы барлық өтініштер бойынша ұсынымдарды қарауға және Кеңеске ұсынымдар беруге уәкілетті. Осындай өтініштерді қарай отырып Атқарушы комитет Кеңестің өзі үшін міндетті қаулыларды сақтайды және әрбір жеке жағдайда қандай шарттар ұсынылуы тиіс екендігін мұқият талқылайды.

(e) Конвенцияның 27-Бабының ережелеріне сәйкес Конвенцияға қосылған Үкімет қосылу туралы өзінің өтініші қанағаттандырылған күннен бастап Конвенцияға уақытша қосылған болып саналады және өзінің айқындауы бойынша жарна төлеу туралы міндеттемені қоса алғанда, өзіне құқықтар мен міндеттемелер қабылдайды.

29-Қағида

Мерзімді ұзарту 25 және 27-баптар

Атқарушы комитеттің Конвенцияны бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе оған қосылу туралы актілерді өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар.

11-Бапқа сәйкес жекелеген қатысушы елдердің дауыс санын көбейтуге қатысты ұғым

(1) Егер осы Конвенцияға Қосымшада көрсетілген 11-Бапқа сәйкес кез келген қатысушы елдің дауыс саны 1986 жылғы Астық саудасы туралы конвенцияның 11-Бабына сәйкес 1994 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы қатысушы ие болған дауыс санының 50%-інен артық болса, онда осы қатысушының 1995/96 жылғы және одан кейінгі қаржы жылдарындағы қаржы жарналарының бағалануы мыналардың негізінде өзгертін болады:

(i) 1995/96 жылғы жарналардың бағалануы көбею ең болмағанда бір дауысты

құрауы шартында 1994 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша болған дауыстардың санынан 50 % асатын (ең жақын бүтін санды дөңгелектеген соң) дауыстардың санына негізделетін болады;

(ii) 1996/97 жылғы жарналардың бағалануы өткен қаржы жылында қолданылған есептеудің негізінде алынған дауыстардың санынан 50 % асатын дауыстардың санына (ең бүтін санды дөңгелектеген соң) немесе осы Конвенцияға Қосымшада келтірілген қайсысы аз болатын дауыстардың санына негізделетін болады;

(iii) 1997/98 жылғы және бұдан кейінгі қаржы жылдарындағы жарналардың бағалануы 1996/97 жылдардағыдай тәсілмен есептелетін болады.

(2) Егер кез келген қатысушы елдің қаржы жылындағы жарналарының бағалануы осы ұғымдарға сәйкес азаятын болса, Конвенцияның қалған қатысушыларына қолданатын жарналарды бағалау қаржы жылында барлық қатысушылардың жарналарының жалпы бағалануы осы ұғынымға сәйкес қандай да болмасын азайтулардың болмауы кезінде болуы тиіс сол бағалануға теңелетіндей сайма-сай өсетін болады (15-Қағиданың ережелері ескеріле отырып).

(3) Қаржы жарналарын бағалауды қоспағанда, барлық мақсаттар үшін барлық қатысушылар 11-Бапқа сәйкес пайдаланатын дауыстар 11-Баптың ережелері ескеріле отырып, Қосымшаға сәйкес бөлінеді.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.